

FTAMP 17.09.91

<https://doi.org/10.26577/EJPh2025199318>**А.Ә. Найманбаев^{1*}**, **Т. Қыдыр²**, **Ж.Е. Ішпекбаев¹**¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан²ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: Almaz-88.80.17@mail.ru

ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНІҢ ПОЭЗИЯЛЫҚ МӘТІНДЕРІНДЕГІ «ОЯНУ» САРЫНЫ

Түркі халықтарының поэзиялық дәстүрінде «ояну» тақырыбы тарихи жадты, мәдени болмыс пен ұжымдық сананы жаңғыртатын негізгі құндылық ретінде маңызды орын алады. Бұл тақырып жеке рухани ағартушылықты да, халықтар тарих бойы бастан кешкен жанару мен азаттық жолындағы күресті де бейнелейді. Орта Азия дала мәдениетінен бүгінгі күнге дейін созылған поэзиялық мұрада ояну – эпостарда ұлттың қайта түлеуі, халық поэзиясында әлеуметтік ынтымақ, қазіргі әдебиетте өзіндік санының күшеюі ретінде сан алуан көрініс табады. XIX-XX ғасырларда пайда болған жәдидтік қозғалысы түркі әдебиетіндегі ояну тақырыбының берік идеялық негізінің қалыптасуына ықпал етті. Заманауи білім, ұлттық сана мен мәдени реформаның идеяларын сол кезеңдегі ақындар метафора мен символика арқылы жеткізсе, ояну мотиві жеке тұлғаның да, қоғамның да азаттығының әдеби символына айналды. Кеңес дәуіріндегі әдебиетте бұл тақырып көбінесе символдық-аллегориялық өрнектер арқылы қоғамдық сананы сақтауға қызмет етті.

Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Татарстан, Ұйғыр тағы басқа түркі халықтарының ақындары оянуды ұлттың қайта дүниеге келуі мен жеке адамның ішкі шындыққа жету процесі деп бағалаған. Бұл зерттеуде ояну тақырыбының тарихи, мәдени және эстетикалық өлшемдері әртүрлі географиялардан таңдамалы поэзия үлгілері арқылы қарастырылады.

Түйін сөздер: ояну, түркі әдебиеті, жәдидизм, ұлттық сана, поэзиялық мәтіндер.

A.N. Naymanbayev^{1*}, T. Kydyr², Zh.E. Ishpekbaev¹¹Kazakh National Pedagogical University named after Abaya, Almaty, Kazakhstan²Islamic research institute RAKM, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: Almaz-88.80.17@mail.ru

The Motif of “Awakening” in the Poetic Texts of Turkic Literature

In the poetic tradition of the Turkic peoples, the theme of “awakening” occupies an important place as a fundamental value that revives historical memory, cultural identity and collective consciousness. This theme reflects both personal spiritual enlightenment and the struggle for renewal and liberation that peoples have experienced throughout history. In the poetic heritage of the Central Asian steppe culture up to the present day, awakening finds various manifestations: in epics – as a revival of the nation, in folk poetry – as social solidarity, in modern literature – as a strengthening of the individual. The Jadid movement, which arose in the 19th and 20th centuries, contributed to the formation of a solid ideological basis for the theme of awakening in Turkic literature. While the poets of that period conveyed ideas of modern education, national self-awareness and cultural reform through metaphors and symbolism, the motif of awakening became a literary symbol of the liberation of both the individual and society. In Soviet literature, this theme often served to maintain public consciousness through symbolic and allegorical expressions.

Poets from Turkey, Azerbaijan, Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tatarstan, Uyghurs and other Turkic peoples interpreted awakening as a process of national rebirth and individual discovery of inner truth. This study examines the historical, cultural and aesthetic aspects of the theme of awakening through selected poetic works from different regions.

Keywords: awakening, Turkic literature, Jadidism, national consciousness, poetic texts.

А.Ә. Найманбаев^{1*}, Т. Кыдыр², Ж.Е. Ишпекбаев¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

²Исламский научно-исследовательский институт ДУМК, Алматы, Казахстан

*e-mail: Almaz-88.80.17@mail.ru

Мотив «пробуждения» в поэтических текстах тюркской литературы

В поэтической традиции тюркских народов тема «пробуждения» занимает важное место как фундаментальная ценность, возрождающая историческую память, культурную идентичность и коллективное сознание. Эта тема отражает как личное духовное просветление, так и борьбу за обновление и освобождение, которую народы переживали на протяжении всей истории. В поэтическом наследии центральноазиатской степной культуры вплоть до наших дней пробуждение находит различные проявления: в эпосах – как возрождение нации, в народной поэзии – как социальная солидарность, в современной литературе – как укрепление личности. Джадидское движение, возникшее в XIX и XX веках, способствовало формированию прочной идеологической основы для темы пробуждения в тюркской литературе. В то время как поэты того периода передавали идеи современного образования, национального самосознания и культурных реформ посредством метафор и символики, мотив пробуждения стал литературным символом освобождения как личности, так и общества. В советской литературе эта тема часто служила для поддержания общественного сознания посредством символических и аллегорических выражений.

Поэты Турции, Азербайджана, Казахстана, Кыргызстана, Татарстана, уйгуры и другие тюркские народы интерпретировали пробуждение как процесс национального возрождения и индивидуального обретения внутренней истины. В данном исследовании рассматриваются исторические, культурные и эстетические аспекты темы пробуждения на примере избранных поэтических произведений из разных регионов.

Ключевые слова: пробуждение, тюркская литература, джадидизм, национальное сознание, поэтические тексты.

Кіріспе

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы түркі халықтарының әдебиетінде «ояну» тақырыбы кеңінен көтерілді. Өз ұлтының өркениет көшінен кеш қалып қоймауын күйіттеген ақындар шығармаларында ұлттық бірлік пен рухани тұтастықты жырлады. Түркі халықтарының әдебиеті терең тарихи үдерістер, көшіп-қону, соғыстар, мәдени қарым-қатынастар нәтижесінде қалыптасқан бай ауызекі және жазбаша мұраға ие. Бұл мұраның ең жарқын тақырыптарының бірі – әр кезеңде әртүрлі мағыналық қабаттарға ие болған «ояну» құбылысы. Ояну ұғымы лингвистикалық қайнарларда әртүрлі мағынаны білдіреді. Классикалық сөздік жазбаларында «көзді ашу», «немқұрайлылықтан құтылу», «ақиқатты табу/білімге ұмтылу» деп түсіндіріледі. Бұл лингвистикалық негіз көркем мәтіндердегі ояну тақырыбын жеке рухани жетілдіру де, қоғамдық тірілу немесе қайта туылу ретінде де түсіндірудің алғы шартын құрайды. Танзимат кезеңінен бастап әлеуметтік сын мен жаңару әңгімелері поэзияда көп көрініс тапты. «Ояну» сөзі ұлттық оянудың және туған жер мен өзіндік сананың көрінісі ретінде пайда болды. Намық Кемалдың туған жер туралы түсінігінен Мехмет Әмин Юрдақұлға, Мехмет Акиф

Ерсойдың «оянуға» шақыруына дейін созылған жол қоғамдық ояну мен әдеби дискурстың өзара байланысын көрсетеді. Мехмет Акифтің «Сафхат» атты еңбегінде үйқыға қарама-қарсы ояту символикасы әсіресе әлеуметтік ояну аясында талданған. Осы кезеңдегі поэзиялық талдаулар ояну тақырыбының әрі риторикалық, әрі дүниетанымдық қызметін ерекше атап көрсетеді.

Түркі географиясында «ояну» сөз тек осман-түрік контекстімен ғана шектелмейді. Қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, әзербайжан, ұйғыр, т.б. поэзиясындағы тәуелсіздікке, оянуға, қайта тірілуге шақырудың маңызды түрі ретінде айқындалады. Мысалы, қазақ әдебиетіндегі Мағжан, Міржақып сынды ақындардың, татар әдебиетіндегі Ғабдулла шығармаларында ояну тақырыбы ұлттық оянумен тікелей байланысты. Салыстырмалы зерттеулер «оян» метафорасының географиялық шекарадан асып, ортақ әдеби дискурс құрайтынын көрсетеді. Ояну жеке адамның сана-сезімі немесе рухани ағарту процесін білдіріп қана қоймай, халықтардың саяси, мәдени және әлеуметтік қайта тірілуін бейнелейтін қуатты метафора ретінде де пайда болды. Бұл тұрғыдан «ояну» тақырыбы түркі халықтарының ұжымдық жадында тарихи тәжірибені де, болашаққа деген үміт пен мұратты да көрсетеді.

XIX ғасырдың аяғынан бастап түркі әлеміндегі саяси-әлеуметтік өзгерістер әдебиеттің тақырыптық бағдарларында елеулі өзгерістерге алып келді. Патшалық Ресей, Қытай, одан кейін Кеңес Одағы сияқты саяси биліктің езгі саясатының астында өмір сүрген түркі қауымдарында әдебиет қарсы тұру, болмысын сақтау, ұлттық сананы келер ұрпаққа жеткізу құралына айналды. Осы кезеңде пайда болған жадидтік қозғалыс өзінің заманауи білім беру, тіл реформасы, мәдени жаңару сияқты мақсаттарымен «ояну» тақырыбының әдеби мәтіндерде берілуіне терең әсер етті. Жәдид ақындары халықтың оянуын, түнектен жарыққа шығуын, надандықтан білімге өтуін астарлы сөздер мен символикалар арқылы бейнелеумен әдебиетті қоғамдық сананы көтеру құралы ретінде қолданған. Жәдидтік қозғалыс білімге, тілге, мәдени жаңаруға баса назар аудара отырып, түркі әлеміндегі «сана» дискурсын күшейтті. Әдебиеттанушы ғалым Дихан Қамзабекұлының пайымдауынша, жәдидшілдік тек білім беру саласын жетілдіруді ғана мақсат етпей, түркі халықтарының саяси және мәдени интеграциясына ықпал еткен. Жәдидшілдер Батыс өркениетінің ғылымы мен техникасын игеруді насихаттап, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды сақтауды басты мақсат етіп қойды. «Жақсысын үйреніп, жаманынан жирену» қағидасы сол кезеңдегі жәдидшілдердің басты ұстанымдарының бірі болды, – дейді (Қамзабекұлы, 2002).

Сондай-ақ, әдебиеттанушы жәдидтік қозғалыстың түркі әлеміндегі жалпы үрдіс екенін ерекше атап өтеді. Ол Қазақстандағы Алаш қозғалысын, Өзбекстандағы «Milliy uyg'onish», Әзербайжандағы «Musavat», Қырымдағы «Millifigra», Татарстандағы «Иттифак әл-муслимин» секілді қозғалыстарды тарихи тұрғыдан өзара байланысты қарастырады. Бұл жәдидтік идеялардың тек қазақ қоғамына ғана емес, бүкіл түркі мұсылман халықтарына ортақ болғанын дәлелдейді. Осы тұрғыда ояну тақырыбы жәдидтік әдебиетте дүниетанымдық-дидактикалық қызметке ие болғаны көрінсе керек. Жалпы әдеби зерттеулерде жәдидтік қозғалыстың журнал, мақалалар мен өлеңдер арқылы жұртшылықты ескертуге тырысқаны және оның оятуға шақырулары жаңғыру науқандарымен қабаттасатыны жиі айтылды. Яғни жәдидтік тәжірибелердің поэзияға әсері форма мен мазмұндық жағынан зерттеліп, осы саладағы зерттеулер ояну мен модернизация тақырыбының арақатынасын белгілейтіні анық.

Материалдар мен әдістер

Түркі әдебиетінің поэзиялық мәтіндеріндегі «ояну» тақырыбының қарастырылуы географиялық және тарихи жағдайға байланысты өзгеріп отырды. Қазақ пен қырғыз поэзиясында ояну көбінесе дала өмірінің еркіндік мұраты мен тәуелсіздікке ұмтылуымен байланысты болса, әзербайжан мен татар әдебиетінде ұлттық мәдениетті жаңғырту мен сақтау аясында мәнге ие болды. Ал ұйғыр, өзбек әдебиетінде бұл тақырып діни-рухани оянудың да, мәдени болмысты қайта құрудың да өлшемдерімен ерекшеленді. Осылайша, ояну бүкіл түркі халықтарына ортақ болуымен қатар, әр өңірде өзіндік символикалар арқылы көрініс тапты.

Бұл мәселелерді сөз еткен әдебиеттер ояну тақырыбының сан алуан қырларын ашқанымен, айтарлықтай кемшіліктері де жоқ емес. Алғашқысы, түркі әлемі бойынша ауқымды, салыстырмалы жыр жинақтары шектеулі, екіншісі, жәдидшілдік пен поэзиялық ояну арасындағы тікелей байланыстарды көрсететін зерттеулер сирек кездессе, үшіншісі, посткеңестік дәуірдегі цифрлық және баспа поэзиялық саласындағы ояну тақырыбына ағымдағы талдаулар жеткіліксіз. Бүгінде сол кездегі түркі халықтарының әдебиетінде ұлтты ғылым мен білімге шақырып, өркениет көшінен кеш қалмау қамымен «Оян!» ұранымен қалам тербеген ақындардың шығармаларын тұтастықта зерттеу – өте өзекті. Сондықтан да тақырыпты зерттеуде түркі халықтарының әдебиетіндегі «ояну» тақырыбының қарастырылуы, поэзиялық мәтіндердегі мазмұн мен түрдің берілуін анықтауда поэтикалық талдау әдісі, өлең жолдарына әдеби-теориялық талдау жасауда стильдік тұрғыдан талдау, шығармадағы көтерген әлеуметтік мәселелердің көрінісін шолып талдау, мәтіндегі көркем детальдарды өзек ете талдау тәрізді әдіс-тәсілдер қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Түркі халықтарының әдеби мұрасын терең талдап, ғылыми негізде тұжырым жасау мақсатында соңғы жылдары осы бағытта жүйелі зерттеу жүргізетін түркітанушылар мен жас ғалымдар қауымы қалыптасты. Түркі тілдерінің (өзбек, татар, түрік, әзербайжан, башқұрт, қырғыз және т.б.) құрылымын жетік меңгерген бұл мамандар XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан түркі халықтарының әдеби кеңістігін біртұтас қарастырып, бүгінгі түр-

кілік рухани сабақтастықтың негіздерін ашып көрсетуді көздейді.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы кезеңіндегі әдеби процестер түркі халықтарының әдебиеттану ғылымында түрлі қырынан зерттелген. Анадолы, Кавказ, Орталық Азия және Еділ бойы аймағын қамтыған жәдидтік қозғалыстың идеялық ұстанымдары, саяси бағыттары және көрнекті өкілдерінің шығармашылық мұралары тарихшылар мен әдебиеттанушылар тарапынан терең зерделенген. Мәселен, Н.У. Гафаровтың «Джадидизм в Средней Азии в конце XIX – начале XX века» атты докторлық зерттеуінде ағартушылық қозғалыстың бастау көздері мен білім беру саласындағы жетістіктері қарастырылса, М.И. Бакиевтің «История просветительного движения и свободомыслия в Средней Азии, конец XIX – начало XX века» еңбегінде жәдидшілдіктің Орталық Азия халықтарының саяси дамуына ықпалы талданған.

Сол сияқты, Д.Қамзабекұлының «Алаш және әдебиет» атты еңбегінде XX ғасыр басындағы тарихи-саяси өзгерістердің қазақ әдебиетіне әсері сараланса, А.Ісмақованың «Алаш әдебиеттануы» зерттеуінде алаштықтардың шығармашылығы мен әдебиеттегі жаңашылдық ұстанымдары кеңінен баяндалған. Әзербайжан әдебиетінің даму үрдісін Бадырхан Ахмедовтің «XX ғасырдағы Әзербайжан әдебиеті» еңбегінен көруге болады. Ал Я.Г. Абдуллиннің «Джадидизм среди татар: возникновение, развитие и историческое место» атты зерттеуі татар қоғамындағы жәдидтік қозғалыстың орны мен мәнін ашады. Сондай-ақ, «Милли уйғониш даври ва узбек адабиёти» атты еңбекте өзбек әдебиетінің XIX ғасырдың соңғы кезеңі мен XX ғасыр басындағы дамуы «Ұлттық ояну дәуірі» ретінде қарастырылған.

Әдебиеттанудағы осы еңбектер түркі халықтарының әрқайсысының әдеби үдерістерін ұлттық контексте терең зерттегенімен, бұл құбылыстарды жалпы түркілік деңгейде кешенді қарастырған еңбектер әлі де аз. Әсіресе XX ғасырдың басында жазылған, халықты ояту идеясына құрылған шығармалар мақсатты түрде дербес зерттеу нысаны ретінде жиі қаралмаған.

XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында түркі халықтарының әдебиетіндегі басты идеялардың бірі – «ұлтты ұйқыдан ояту» болды. Бұл кезеңде Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» атты өлеңі түркі ақындарына үлкен серпіліс әкелді. Сол дәуірде Мехмет Акиф Эрсойдың «Ей, түрік, оян!», Хусейн Жәуидтің «Ұйықтап

жатыр» өлеңдері, Ахмет Зәки Уәлидидің «Түркістанда», сондай-ақ Мұстафа Шоқайдың «Түркістан ұлттық бірлігі» еңбектері ортақ түркілік тағдыр мәселесін көтеріп, өркениетті қоғам құрудың алғышарттарын талдады.

Қазақ әдебиетінде бұл идея М.Дулатовтың шығармасымен ғана шектелген жоқ. Оның 1909 жылы жарық көрген «Оян, қазағынан» кейін, 1914 жылы Байбатыр Ержанұлының «Түр, қазақ!», ал 1917 жылы Әбілқасым Арғынидың «Жатпа, қазақ!» кітаптары жарық көрді. Бұл туындылардың мазмұны мен құрылымында идеялық үндестік байқалады. Сондай-ақ, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам» деген ұраны да халықты оятуға ұмтылған ақындық миссияның көрінісі болды.

Бұл қозғалыстың негізінде түркі халықтарының соңғы үш ғасырда білім мен ғылымнан алшақтап, өркениет көшінен қалып қоюы жатты. Ағартушылық идеясы мен ғылыми прогреске үндеу түркі жазба әдебиетінің басты тақырыптарының біріне айналды. Сондықтан XX ғасырдың басындағы поэзия мен публицистикада ғылым мен білімге шақырған, халықты жаңғыруға үндеген жыр жолдарының жиі кездесуі осының айқын дәлелі болып саналады.

Нәтижелер мен талқылау

Тарих бойында «түркі» ұғымының «тәуелсіздік» тақырыбымен қатар аталып жүруі – жай ғана бейнелі пайым емес, сонымен бірге бір ұлтты айқындайтын ең басты сипаттардың бірі болып есептеледі. Түркі халқы үшін тәуелсіздік ұғымы өзге халықтарды жаулап алу немесе ассимиляциялау сияқты адамгершілікке жат әрекеттерді білдірмейді. Керісінше, адамзат өркениетінің ең бейбіт өркениеттік құндылықтары түркі-ислам мәдениетінде көрініс тапқаны айқын. Ламартин бұл жайтты келесі сөздермен түйіндейді: «Меніңше, адамзатқа абырой алып келген түркі халқының жауы болу – адамзаттың жауы болумен бірдей». Сол сияқты, Хаммер «Тарих түркілерден көп нәрсе үйренді. Олардың қолынан шыққан сондай туындылар бар, олар өркениеттің асыл қазынасы болып саналады» деп атап көрсете отырып (Türk ve Türklük, 1994: 18), түркі-ислам өркениетінің осы бірегей қырын айрықша белгілейді. Күдіксіз, әлемдік өркениет тарихына үлес қосу – отар болу арқылы емес, дербес болу арқылы ғана мүмкін. Еркіндік – өзіндік және сапалы өркениеттік құндылықтар-

ды қалыптастырудың ең маңызды алғышарты. Бұл туралы түріктің көрнекті жазушысы Нихаль Атсыз «Türklerin Türküsü» (Түркілердің түркісі) өлең жолдарымен былайша толғайды:

«Dilek yolunda ölmek Türklere olmaz tasa,
Türklere boyun eğdirir yalnız töreyle yasa,
Yedi ordu birleşip karşımızda parlarsa,
Onu kanla söndürüp parlarız yeneriz»

Аудармасы:

Тілек жолында жан қию – түріктерге уайым емес,
Түріктерге мойынсұндырамы – тек қана төре мен заң,
Жеті қол бірлесіп алдымызда жарқыраса да,
Оны қанмен өшіріп, жарқырап жеңеміз.

Туған жер мен тәуелсіздіктің байланысы түрік тарихында барынша айқын көрінеді. Намык Кемал Туған жер туралы мақаласында бұл халықтың тәуелсіздікке деген адалдығын «Арыстан жүректі ерлер, яғни ана сүтін еміп жатқан бөбектер – өз бесігін, балалар – ойнайтын жерін, жастар – нәпақасын тауып отырған жеріп, қарттар – дүниеден қол үзіп, жалғыз қалған тыныш мекенін, перзент – анасын, әке – отбасын қандай сезіммен жақсы көрсе, адам да отанын дәл сондай сезіммен сүйеді» (Tuncer, 1996: 105.). Түркі халқының болмысы мен тәуелсіздігі арасындағы терең тамырлас осы байланыс түркі-ислам өркениетінің мәнін құрайды. Адамзат өркениеті дамыған әрбір географияға оңды үлес қосқан, ең іргелі іргетасын қалаған түркі ұлтының әдебиетінің төңірегінде тәуелсіздік тақырыбы сөзсіз. Бұл тақырыптың әдебиет пен поэзияда ұқсас метаформалар арқылы көрініс табуы олардың географиясы алуан болғанымен, рухы біртұтас екенін көрсетеді.

Түркі өлеңінің өн бойында бірде жалынатын, біресе қауіп төндіретін мәнерді қолданып, ұлтын ескертуге тырысуын Мехмет Акиф сияқты «тәуелсіздікке» құмарлықпен түсіндіруге болады. Осындай кезеңдерге эпикалық элементтерді енгізген ақын-жазушылар бағыт бағдар береді. Моральдық құндылықтарды бірінші орынға қойып, халқын тәуелсіздігі мен болашағына қауіп төндіретіндерге қарсы тұруға шын жүректен шақырған бұл жазушылар «ояну» сөзін ортақ тақырып ретінде пайдаланады. Мұндай өлең жолдарындағы «ояну» ұғымы «ұйқы», «надандық», «өлім» секілді сөздерге қарама-қайшы қолданылады.

Мехмет Әмин Юрдақұл оянуды шығармаларының тақырыптарына арқау ете отырып,

оны кітап-поэзиялық бағдарламаға айналдырды. «Өтүкен» баспа үйіндегі жинақталған басылымда «III. Уа, түрік, оян» деген бөліміндегі өлең жолдары 147-беттен бастау алады (Tansel, 1969). Кітаптың кіріспесінде бұл жинақтың Балқан соғысы мен Бірінші дүниежүзілік соғыстың табалдырығында «ұлттық бірлесу жыры» ретінде тарағаны, Ахмет Хикмет Мұфтуғұлұның хаттарында шығарманың «бірнеше әскерге тұрарлық» ретінде моральдық күш ретінде сипатталғаны айтылады. Өлеңдердің мазмұны болса, түркілердің тарихи жорығын жандандыратын баяндау аясында бейнелейді, тікелей үндеу күйлерімен («Уа, бауырлар, ояныңдар...») және түркі жұртына қарап айтады. Юрдақұлдың поэзиясы қарапайым тілмен кең аудиторияға арналған, «ояну» бұл жерде әрі эстетикалық, әрі саяси-педагогикалық жауапкершілікті иемденген.

Әли Жанип Йонтемнің «Шығыс көкжиектері» өлең жолдары «Шығыс» бейнесіне сыни көзқарас арқылы летаргия семантикасын жоюға тырысады, «оянуды» өркениетті қадам ретінде қарастырады. Өлеңнің «Ей, Шығыс! Ғасырлар бойы ұйқыңа алданбадың ба?... Шығыс! Оян, жетер!» ұраны ұйқының мәдени-психологиялық тоқырау деген диагнозымен біріктіреді. Бұл өлеңнің қазіргі зерттеулері оның қоғамдық ояну дискурсына қосқан үлесін көрсетеді (Alagöz, 2024: 125-138).

Зия Гөкалп бойынша ояну «қайта туылу» (палингенезис) мифтік-тарихи шеңбері арқылы жүйесі түрде идеологиялық тілге аударылады. «Ергенеқон» аңызының өлең болып жүйеленуі, жабық кеңістіктен шығу, қайта тірілу арқылы ұжымдық сананы оятуды көздейді. Осы бағытқа бағытталған академиялық зерттеулер Гөкалптың поэтикасын «қайта туылу тақырыбы» аясында түсіндіреді (Kaplan, 1992: 517-534).

Әзербайжанның қазіргі поэзиясында «ояну» тақырыбы ұлттық сана, бостандық мұраты және 1905 жылғы революциядан кейінгі интеллигенттік қозғалыстар, 1918 жылғы Республикалық тәжірибе және 1920 жылдардағы кеңестік кезеңде қалыптасқан мәдени реформалар төңірегінде қалыптасты. Жергілікті әдебиеттегі бұл тақырыптың ең тікелей поэтикалық атауы – «intibah», яғни «ояну». Поэзия тек жеке сананы ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік бірігу мен азаматтық қайта тірілуді де мақсат ететін ұрандық дискурсқа ие болды.

Әзербайжан романтизмнің негізін қалаушы тұлғалардың бірі Мухаммед Хади «оянуды» «интибах» ұғымымен тікелей тұжырымдап,

оны поэтикалық бағдарламаға айналдырған ақын. Хади жинағындағы оның «Адамдардың тарихи қайғылары немесе Әлуахи-интибах» поэмасы «тарихи апаттар» жағдайында ақыл-ойды, дүниетанымды және ұлттық ерікті оятуға шақыратын этикалық-дүниетанымдық өзекке ие. Хади шығармашылығына жасалған жан-жақты библиографиялық шолуда Хади поэзиясының классикалық формаларды «ұлттық шындықты әлеуметтік түрлендіру, ұлттық ояну идеясымен» байыта отырып, жаңартқаны анық көрсетілген. Бұл Хадидің романтикалық поэтикасының «ұлттық дүниетанымда» негізін қалаушы және өзгертуші қызмет атқарғанын айтуға болады. Монографиялық зерттеулер де, хрестоматиялар да ақынның бостандық (азаттық), білім, ілгерілеуге баса мән беруін «сананы көтеру» риторикасымен байланыстыра отырып, оның жеке өлеңдері мен мақалаларында «ояну» идеясын мәңгілікке жалғастырығанын растайды.

Ахмад Жауад өз мәтіндерінде символикалық-поэтикалық белгілер (ту, түстер, жел, таң) арқылы «оянуды» көрсетеді. Республика дәуірінің рухын танытатын Әзірбайжан әнұранының сөзін жазған ақын, «*Çirpırdın Qara Dəniz*» (Күресіп жаттың Қара теңіз) бен «*Azərbaycan bayrağına*» (Әзірбайжан туына) сияқты өлеңдерінде Тұран көкжиегі, тудың төңірегінде жиналу, ұлттық қайта тірілу бейнелері ерекше орын алады. «*Azərbaycan bayrağına*» поэмасының аудармасында «Мен сені Тұран жолында кездестірдім, Көлеңкең ешқашан басымның үстінен кетпесін» деген мағыналық өрісті белгілейтін жолдар туды ұжымдық ояну символы ретінде көрсетеді. Ақынның «*Sevgili*» (Сүйікті) поэмасындағы арнау мен ««*Çirpırdın Qara Dəniz*» (Күресіп жаттың Қара теңіз)» таралымға енуі ұлттық-аймақтық ояну сөз өнерінің тарихи жағдайын танытады. Жауадтың өмірбаяндық жазбалары да ақынның поэтикалық профилік ұлттық әнұран мен оған байланысты өлеңдер арқылы ояту тақырыбымен қорытындылайды (To the Azerbaijani Flag).

Хусейн Жауид поэзиясы мен драмасы (романтикалық модернизм) идеалдар мен тарихимиф арқылы «оянуды» көздейді, болмыс пен бостандық призмасында тұлға мен қоғамның тағдырын қарастырады. Жауид туралы музейлік дереккөздер оны әзірбайжан романтизмінің жетекші ақын-драматургы ретінде сипаттайды, шығармаларындағы еркіндік пен мұрат тақырыптары «оянудың» философиялық-эстетика-

лық тіл арқылы тереңдей түскенін көрсетеді (Huseyn Javid's life and creative works).

Қырғыз әдебиетіндегі «ояну» концепциясы ұлттық болмысты құру мен қоғамдық сананы жандандыру тұрғысынан елеулі орын алды. Әсіресе XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының отаршылдық саясаты мен одан кейінгі кеңестік идеологиялық қысым жағдайында қырғыз зиялылары халықты надандықтан құтқару, ұлттық құндылықтарды сақтау, жаңару үрдісіне бейімдеу мақсатында әдеби шығармаларында тілді қолданды. Бұл тұрғыдан Тоголок Молдо (1860-1942) өз өлеңдерінде жұршылықты жалқаулықтан, надандықтан, моральдық тозудан сақтандыра отырып, моральдық-діни шеңберде «ояну» идеясын қозғады. Оның «Сабак» (Дәріс) атты өлеңдерінде халықтың надандықтан құтылуының бірден-бір жолы – білім мен ғылым екенін атап көрсетеді (Молдо, 1985: 45-47).

Қырғыз ағартушыларынан Қасым Тыныстанов (1901-1938) қырғыз тілін стандарттау және білім беру жүйесін дамыту жөніндегі еңбегімен «ояну» процесінің интеллектуалды бастаушыларының бірі болды. Оның мақалалары мен өлеңдерінде ұлттық тілді сақтау – ұлттық сананың іргетасы екенін алға тартады. Мысалы, «Элге кат» (Халыққа хат) атты өлеңінде ол жастарды қазіргі ғылымды меңгеруге, халық үшін еңбек етуге шақырады (Тыныстанов, 1970: 112-113).

Кеңес дәуіріндегі қырғыз әдебиетінде Аали Токомбаев (1904-1988) ұлттық нақыштарды сақтауға қамқорлық жасай отырып, «ояну» тақырыбын социалистік жаңғыртумен байланыстырды. Оның «Жаңы турмуш» (Жаңа тұрмыс) поэмасы өткеннің зұлматынан құтылып, «нұрлы болашаққа» ұмтылған халық мұратын зерттеді (Токомбаев, 1984: 56).

«Ояну» дәуірінің алғашқы жаршыларынан қырғыз ақындарының бірі ретінде Молдо Кылыч есімі аталады. Ол өз шығармаларын қағазға түсіріп, оларды қайта көшіріп жазу арқылы ел ішіне кеңінен таратқан. Ақынның туындыларын халық жаттап, қолдан-қолға таратып отырған. Осылайша бірқатар шығармалары толық сақталмай, кейбірі қысқарып, кейбірі толықтырылып бүгінгі күнге жеткен. Молдо Кылыч өзі де жырларын жатқа айтатын болған. Әдебиет зерттеушісі Мұңдық Мамыровтың жазуына қарағанда, ақын «Зар заман» поэмасын жатқа оқығанда тындаушылар қатты қуанып, ерекше әсерленетін болған (Мамыров, 1991: 12). Кеңестік «өктемдік» жылдары ақынның атын атауға

да тыйым салынған кезеңде қарапайым халық оның жырларын жаттап, мұрасын сақтап қалуға үлес қосқаны айрықша атап өтуге тұрарлық. Қазіргі таңда Молдо Кылыч Шамырканұлының толық шығармашылық мұрасы Қырғыз ұлттық ғылым академиясы Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының қолжазба қорында 56 папка түрінде сақталған. Оның ішінде 8 папка араб жазуымен жазылған материалдардан тұрса, тағы 4 папка латын графикасымен жазылған әрі терілген нұсқаларды қамтиды. 1911 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Қисса-и-зілзала» кітабы мен оның фотокөшірмесі де бар. Қалған папкаларда кейінгі жылдары жазылған өлеңдері мен дастандары қазіргі графикада сақталған. Жазушы әрі зерттеуші Омар Соороновтың дерегінше, ақынның «Зар заман» (1911), «Қисса-и-зілзала» (1925), «Иргелген казалдар» (1946) сияқты жинақтары ұзақ жылдар бойы кеңестік саясаттың салдарынан қолданыстан шығып, архивте «темір жәшікте» қаңырап жатқан (Сооронов, 1988: 4). Молдо Кылыч шығармашылығында «ояну, ояту» идеясы ерекше орын алады. Мәселен, «Алдамшы» атты өлеңінде ол былай дейді:

Казак, кыргыз адаты

Олжо десе суктанган.
Оңой эмес замандын,
Алды-артына карагын.
Алдоочулук жоголсун,
Билим болсун жарыгын.
Эсиң болсо түйүп ал,
Айткан сөздү жарыгым.
Окуп өнөр, акыл тап,
Насихатым шырагым. (Кылыч, 1991: 39)

Бұл өлең жолдарынан елді ояту, халықты білімге шақыру, оқу мен өнерді жоғары қою сынды терең мағына байқалады. Ақын замандастарын ғылым-білімге ұмтылуға үндеп, адамның басты қаруы – білім екенін түсіндіруге талпынған. Оның ғазалдары қырғыз поэзиясында жаңа бағыт – жастарды әрі жалпы жұртты оқу-білімге үндеу дәстүрінің негізін қалағанын айқын көрсетеді.

Кеңес үкіметінен кейінгі кезеңде Сүйінбай Ералиев пен Олжобай Шәкір сынды ақындар «ояну» тақырыбын ұлттық болмысты қайта анықтау, рухани құндылықтарға қайта оралу аясында да зерттеді. С. Ералиевтің «Туулған жер» (Туған жер) поэмасында ұлттық ояну жерді, тілді, тарихты қорғау арқылы жүзеге асатынын атап көрсетеді (Ералиев, 2001, 89-91 б.). Осы-

лайша, қырғыз әдебиетіндегі «ояну» тақырыбы әр кезеңдегі идеологиялық және қоғамдық-саяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты әртүрлі мағыналық қабаттарға ие болғанымен, өзегінде халықтың ұлттық сана-сезімін, мәдени болмысын, рухани құндылықтарын қорғауға үндеу ретінде сақталып келді.

Өзбек халқының «ояну» дәуіріндегі көрнекті өкілдерінің бірі – ақын, ағартушы, қоғам қайраткері **Абдулла Авлони (1878–1934)**. Ол өз шығармашылығында халықты надандықтан арылуға, ғылым-білімге ұмтылуға шақырып, ұлттық сана мен мәдениетті оятуды мақсат тұтты. Авлонидің әдеби қызметі жәдидшілдік қозғалыспен тығыз байланысты болды. Оның өлеңдері мен публицистикалық еңбектері халықты ағарту, жастарды өнер-білімге шақыру, азат ойға жетелеу идеяларын алға тартты.

Ақынның «Турк фарзандларига» («Түркі балаларына») атты өлеңінде:

Билимсиз халқ – ұлмас тани бемордир,
Яратмас асар, қилмас ҳечкордир.
Билимли халқ – улуг бир кудратдир,
Жаҳон ичра юрмас ҳеч хордир (Авлони, 1917: 25).

Бұл өлең жолдарынан ақынның басты ұстанымы – халықтың болашағы тек білімге байланысты екендігі айқын аңғарылады. Ол білімсіз халықты «ауру тәнге» теңей отырып, ал білімді халықты «ұлы күш» деп сипаттайды. Мұндағы философиялық ой – халықтың азаттығы, елдің өркендеуі тек ғылым мен ағартушылық арқылы жүзеге асады деген сенім. Авлонидің шығармашылығы тек әдебиет аясында ғана емес, педагогика мен ағартушылық саласында да терең із қалдырды. Ол «Туркий гулистон ёхуд ахлоқ» атты еңбегінде (1913) жастарды адамгершілікке, өнер-білімге тәрбиелеудің маңызын ашып көрсеткен. Осы арқылы ақын өзбек әдебиетіндегі жаңа бағыт – халықты оқу-білімге үндеу, қоғамды ояту үрдісінің негізін қалаушылардың бірі болды деп айтуға болады.

Қазақстанда поэтикалық мәтіндердегі «ояну» тақырыбы әсіресе XIX-XX ғасырлардағы ағартушылық және ұлттық сана қозғалыстарымен байланысты. Бұл кезеңде қазақ зиялылары Ресейдің отаршылдық әкімшілігінің қысымына ұшырап, халықтың ұлттық болмысын, тілін, мәдениетін, санасын арттыруға баса назар аударды. Бұл елде «ояну» тақырыбы Алаш қозғалысы мен Тұран мұрасымен байланысты ұлттық оянудың алғашқы әдеби көрінісі болып табылады. XX ға-

сырдың басында ресей империясының орталық езгісіндегі қазақ халқына тіл, мәдениет, білім салаларындағы сана-сезімін қайта ашу үшін әдеби-саяси жұмылдыру қажет болды. Бұл тұрғыдан Абай, Міржақып, Ахмет, Мағжан, Сұлтанмахмұт секілді тұлғалар поэзияны тек көркемдік қана емес, сонымен бірге қоғамды өзгерту құралына айналдырды.

Абай Құнанбайұлы (1845-1904) – қазақ әдебиетіндегі «ояну» тақырыбының бастаушысы. Ол өзінің «Қара сөздерімен» (7, 19, 25-сөздері) халықты надандықты аршып, ғылымға, имандылыққа бет бұруға шақырды. Өлеңдерінде «ояну», «көр» (соқыр) сияқты өрнектермен психикалық түрленуді ерекше атап өткен. Мысалы, «Білімді ізде, одан тайма» (Құнанбаев, 1898: 72) деген жолдар осы ойдың үлгісі бола алады. Абай дәстүрін жалғастырушы, «Қазақтың бас ақыны» деп мақала жазған Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1937) өлеңдері мен мақалаларында «ояну» тақырыбын ашып, білімнің маңыздылығын, ұлттық тілдің сақталуын, халықтың өз тарихын білуі қажеттігін атап көрсетті. Мәселен «Маса» (1911) кітабындағы «Ұйқыдағы халыққа үндеу» өлеңдері тікелей ұлттық сананы нысанаға алады (Байтұрсынов, 1911: 38-40).

Қиын-қыстау кезеңде қазақ елінің болашағы үшін айрықша еңбектенген, бүкіл болмысымен қызмет етудің үлгісін көрсеткен арыстардың қатарында Міржақып Дулатовтың (1885-1935) есімі қашанда зор ілтипатпен аталады. Ол өз кезегінде «Оян, қазақ!» (1909) шығармасымен халықты оятуға тікелей шақырды. «Ұлтым ұйықтап қалды, енді оян» сияқты жолдар ұлттық тәуелсіздік санасын нығайтуды көздейді:

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,
Қарағым, енді жату жарамас-ты. (Дулатов, 1909: 14).

Бұл шығарма қазақтың ұлттық әдебиетіндегі ояну тақырыбының ең қуатты ұраны болып саналды.

Мағжан Жұмабайұлы (1893-1938) «Түркістан» мен «Батыр Баян» секілді өлеңдерінде түркі бірлігі, ұлттық болмыс, азаттық мұраттарын «ояну» метафорасымен тұтастырған. «Көз аш, халқым» (Жұмабаев, 1922: 56) деген жолдар мұның айқын мысалы бола алады. Мағжанның «Қазақ тілі» поэмасы тіл төңірегінде ұлттық болмыстың негізінде құрайды. «Тіл ұлттың рухы, рух болса тірілудің анасы» секілді жолдар

тілді оянудың ишараты – ұраны ретінде қолданады. Бұл ақындар қазақ халқының арасында жаңғыру, ұлттық бірегейлік, тәуелсіздік идеяларын нығайтуды мақсат етті, өз шығармаларында «ояну» тақырыбын жеке және әлеуметтік деңгейде қарастырды. Ал С.Торайғыров «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам» деп жасынан-ақ алдына биік мақсат қойды.

Татар поэзиясында «оянуды» мәдени-лингвистикалық (Ғ.Тоқай), медиалық-институционалдық (Дардеманд-Шура), символикалық-экзистенциалдық (С. Рамиев) этикалық-қарсылықтық (Муса Жалил) ретінде көп қабатты топтарға бөлуге болады. Жәдидшілік (усул-и жәдид мектептері, газеттер, журналдар және кітап басылымдары) осы қабаттардың ортақ іргетасы болып табылады. Орынбор-Қазан жолы бойындағы баспасөз бен мектептер «Ұйқыдағы ұлтты ояту» идеясын ақындық өнермен тоғыстырады. Осы тұрғыдан алғанда, «Шура» журналы мен «Уақыт» газеті «ояну зертханасы» ықметін атқарды. Ғ.Тоқай тіл мен санаға баса назар аударды, С. Рамиевтің медиа-құрылысы мен М. Жалилдің қарсылық лирикасы бір негізде тоғысты.

Қазіргі татар әдебиетінің негізін қалаушы ретінде Ғабдулла Тоқай (1886-1913) «оянуды» үш жақты зерттейді:

1. Ана тілінің жандандырушы күші;
2. Ұлттық сананың сілкінісі
3. Қоғамдық прогреске шақыру.

«İ, Tuğan tel» (Үа, туған тіл) поэмасы тілдің өзін де, иман мен құндылықтар әлемін де оятатн ортаға айналғанын айтады:

«İ tuğan tel, i matur tel ...
Dünyada küp narsa beldem sin tuğan tel arqılı»
(Шәріп, Тойшанұлы, Абаева, 2015: 28)
(Үа ана тіл, көркем тіл...
Әлемдегі көптеген нәрсені сенімен үйрендім)

Бұл жолдар тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар балалық шақ бесік жырынан бастап дұғаға дейін созылатын «мәдени ояну» тасымалдаушысы екендігіне баса назар аударады.

Ғ. Тоқайдың «оянуын» тікелей ашатын тақырып – оның Орал тұсында жазған әйгілі мақаласы: «Beznen millat, uldanme, alla yoqlağan ğınamı?» (Ұлтымыз өлді ме, әлде ұйықтап жатырма?). Тақырып тұжырымдамалық түрде «өлім-ұйқы – ояну» дихотомиясына сүйеніп, заманауи білім, баспасөз және әдеби өндіріс арқылы

«ояну» туралы сөз қозғалады. Осы бағытта Туқай дәстүршіл тоқырауға да, қанаушы құрылымдарға да қарсы пікір таластырады. 1905 жылдан кейінгі азаттық толқынынан кейін шектелерге айналған саяси контексте Туқай мәтіндері «оянуды» әлеуметтік міндет ретінде қарастырады: «Государственная Думаға», «Сарықортларға», «Китмибез» секілді өлеңдер мен мақалаларда жүйеленген. Бұл саяси реңкті поэтикалық түрдегі жаңашылдықпен бірге оқу қажет. Ғабдулла Тоқай Орынбор-Қазан аймағындағы модернизация (усул-и жәдид) және баспасөз қызметімен тікелей байланыста болды, Шура маңы, Фикер, әл-Ыслах, Яшен секілді басылымдар «ояну» үшін мәдени инфрақұрылымды қамтамасыз етті. Автордың қолында «тіл» мен «баспасөз» секілді оянудың екі негізгі тұтқасы болды.

Қорытынды

Түркі халықтарының поэзиясындағы «ояну» тақырыбы – ұлттың рухани жаңғыруы мен мәдени серпілісінің көрінісі болып табылады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы

тарихи-әлеуметтік өзгерістер түркі әдебиетінде жеке сана мен ұлттық сананың қатар оянуына ықпал етті. Осман-түрік, әзербайжан, қырғыз, өзбек, татар және қазақ ақындарының шығармаларында «ояну» ұғымы еркіндікке ұмтылу, білім мен ғылымды дәріптеу, ұлттық құндылықтарды сақтау және отаршылдыққа қарсы рухани қарсылық идеяларымен сабақтасып жатыр. Жәдидшілдік қозғалысы бұл процестің басты қозғаушы күшіне айналып, поэзияны халықты білімге, тәуелсіздікке, бірлікке шақыратын күшті құралға айналдырды. Демек, түркі поэзиясындағы «ояну» мотиві – өткеннің мұрасы ғана емес, бүгінгі рухани тәуелсіздік пен ұлттық бірліктің де маңызды тірегі.

«Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру есебінен жүзеге асырылды (AP23490584 Түркі халықтары әдебиетіндегі «Ояну дәуірінің» жырлану ерекшелігі (XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы))»

References

- Alagöz, H.F. (2024). Doğu İmgesine Eleştirel Bir Bakış: Ali Canip Yöntem'in "Şark'ın Ufukları" Şiiri. *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi*. Vol. 57. P. 125-138. <https://10.24155/tdk.2024.234>. (in Turkish)
- Avloni, A. (1917). A collection of poems. Tashkent. (in Uzbek)
- Baitursynov, A. (1911). Masa [The Mosquito]. Orenburg: Karatash Printing House. (in Kazakh)
- Dulatov, M. (1909). Oyan, Qazaq! [Wake up Kazakh!]. St. Petersburg: Kazan Printing House. (in Kazakh)
- Huseyn Javid's life and creative works. [Electronic Resource]. URL: <https://www.huseyncavid.az/eng.php?go=huseynjavid>. (Date of use: 05.04.2025).
- Kaplan, M. (1992). Ziya Gökalp ve "Yeniden Doğma" Temi. *Türk Edebiyatı Üzerinde Araştırmalar I*. İstanbul: Dergâh Yayınları. P.517-534. (in Turkish)
- Kunanbayev, A. (1909). Öleñder (Poems). St. Petersburg: Ibragimov Printing House. (in Kazakh)
- Kylych, M. (1991). Kazals. [Ghazals]. Frunze, Adabiyat publishing house. (in Kyrgyz)
- Mamyrov, M. (1991). Akındardı el unutpayt. [People do not forget poets]. Ala-Too. Vol. 11. (in Kyrgyz)
- Moldo, T. (1985). Selected Works. Bishkek: Kyrgyzstan Publishing House. (in Kyrgyz)
- Qamzabekuly, D. (2002). Alash zhane adebiet. [Alash and Literature]. Astana: Foliant. (in Kazakh)
- Sharip A., Toishanuly A., Abaeva Á. (2015). Gabdolla Toqai taǵylymy. Maqalalar, esseler, estelikter. [Gabdolla Tokai's Legacy. Articles, Essays, Memoirs]. Almaty. (in Kazakh)
- Sooronov, O. (1988). The secret of the iron chest (a few words about the works of Moldo Kylych). *Sovetik Kyrgyzstan*. [Soviet Kyrgyzstan]. (in Kyrgyz)
- Tansel, F. A. (1969). Mehmed Emin Yurdakul'un bütün şiirleri. Ankara: Ötüken, Türk Tarih Kurumu Basımevi. (in Turkish)
- To the Azerbaijani Flag. [Electronic Resource]. URL: https://azeri.org/Azeri/az_latn/latin_lit/az_literature/poetry/ahmad_javad/ahmad_javad_eng/ahmad_javad_flag.html?utm_source=chatgpt.com. (Date of use: 05.04.2025).
- Tokombayev, A. (1984). Selected songs. Bishkek: Kyrgyzstan Publishing House. (in Kyrgyz)
- Tuncer, H. (1996). Tanzimat Edebiyatı. İzmir: Akademi Kitabevi. (in Turkish)
- Türk ve Türklük (1994). Türk Standartları Enstitüsü Yayınları. Ankara. (in Turkish)
- Tynystanov, K. (1970). Selected works. Frunze: Kyrgyzstan Publishing House. (in Kyrgyz)
- Zhumabayev, M. (1922). Öleñder [Poems]. Orenburg: Union Publishing. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Найманбаев Алмас Әбдіманапұлы – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: almaz-88.80.17@mail.ru);

Төрәлі Қыдыр – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: qydyr.torali@gmail.com);

Ишпекбаев Жанатбек – саяси ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: i.zhan65@mail.ru).

Information about the authors:

Naimanbayev Almas Abdimanapovich – PhD, Abai Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: almaz-88.80.17@mail.ru);

Torali Qydar – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Islamic research institute RAKM (Kazakhstan, Almaty, e-mail: qydyr.torali@gmail.com);

Ishpekbaev Zhanatbek – Candidate of Political Science, Associate Professor of the Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: i.zhan65@mail.ru).

Сведения об авторах:

Найманбаев Алмас Абдыманапович – PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: Almaz-88.80.17@mail.ru);

Төрәлі Қыдыр – кандидат филологических наук, доцент, Исламский научно-исследовательский институт ДУМК (Алматы, Казахстан, e-mail: qydyr.torali@gmail.com);

Ишпекбаев Жанатбек – кандидат политических наук, профессор КазНПУ имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: i.zhan65@mail.ru).

Келіп түсті: 16 шілде 2025 жыл
Қабылданды: 26 қыркүйек 2025 жыл